

МРНТИ 18.41.51

Дарига Салықова¹*¹Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан***ҚАЗАҚ ЭСТРАДАСЫНДАҒЫ ОРЫНДАУШЫЛЫҚТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ****Аннотация**

Д.О.Салықованың мақаласында. эстрадалық музыканың кейбір мәселелері, атап айтқанда эстрадалық вокал және эстрадалық оркестр аспаптарының негізгі жетістіктері қарастырылады. Осы бағытты зерделеу барысында ұсынылатын мамандықтардың маңызды компоненттері орындаушылық формат аясында анықталды.

Ғылыми мақаланың авторы «Эстрадалық вокал» және «Эстрадалық оркестрдің аспаптары» кафедрасының студенттері мен магистранттарының Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Музыкалық өнер» факультетінің беделді вокалистер мен аспапшылардың халықаралық және республикалық конкурстарына қатысуы туралы ақпарат берді. Олардың арасында «Славян базары», «Жас қанат», «Шабыт» және тағы басқалары бар. Академия әкімшілігінің белсенді қолдауымен және меценаттардың демеушілігімен студенттердің өздері бастама көтереді, бірге бұл жемісті нәтижелерге әкеледі. Сонымен бірге мұнда автор жалпы және мамандандырылған құзыреттіліктерге ие студенттер мен зерттеушілерді оқыту үдерісі туралы ақпаратты береді, соның ішінде: қазіргі заманғы өнер саласындағы жағдай мен процестерді зерттеу; құбылыстарды талдау, музыкалық өнер туындыларын бағалау, тарихи заңдылықтарды зерттеу және мәдени мұраның көркемдік дәстүрлерін дамыту.

Түйінді сөздер: музыка, эстрада, вокал, эстрадалық аспаптар, вокалды орындаушылық.

Дарига Салықова¹*¹Казахская национальная академия искусств им.Т.Жургенова
Алматы, Казахстан***НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИСПОЛНИТЕЛЬСТВА В КАЗАХСКОЙ ЭСТРАДЕ****Аннотация**

В статье Салыковой Д.О. рассматриваются некоторые вопросы эстрадного музыкального исполнительства, в частности основные достижения специальности эстрадный вокал и инструменты эстрадного оркестра. В процессе изучения данного направления выявлены важные составляющие представленных специальностей в разрезе исполнительского формата.

Автором научной статьи даны сведения об участии студентов и магистрантов кафедры «Эстрадный вокал» и «Инструменты эстрадного оркестра» на престижных Международных и Республиканских конкурсах вокалистов и инструменталистов факультета «Музыкальное искусство» Казахской Национальной Академии искусств им.Т.Жургенова. Среди них «Славянский базар», «Жас қанат», «Шабыт» и многие другие, способствующие продвижению исполнителей представленной специальности. На первый план выдвигается инициатива самих обучающихся при активной поддержке администрации Академии и спонсорской поддержке меценатов, что в совокупности приводит к плодотворным результатам. Вместе с тем здесь автор подытоживает информацию о процессе обучения студентов и магистрантов, которые приобретают общие и специализированные компетенции, среди которых: изучение ситуации и процессов в сфере современного искусства; анализ явлений и процессов, оценка произведений музыкального искусства, изучение исторических закономерностей и развитие художественных традиций культурного наследия.

Ключевые слова: музыка, эстрада, вокал, эстрадные инструменты, вокальное исполнительство

Dariga Salykova¹

¹*Kazakh National Academy Arts named after T. Zhurgenov
Almaty, Kazakhstan*

SOME QUESTIONS OF PERFORMANCE IN THE KAZAKH STAGE

Abstract

In the article by D.O. Salykova, some issues of pop music performance are considered, in particular, the main achievements of the specialty pop vocal and instruments of a pop orchestra. In the process of studying this direction, important components of the presented specialties were identified in the context of the performing format.

The author of the scientific article provides information about the participation of students and undergraduates of the Department of "Pop vocal" And "instruments of pop orchestra" at the prestigious International and National competitions of vocalists and instrumentalists of the faculty of "Musical art" Of the Kazakh National Academy of arts named after T. Zhurgenov. Among them are "Slavyansky Bazar", "Zhas Kanat", "Shabyt" and many others that promote performers of the presented specialty. The initiative of the students themselves is brought to the fore with the active support of the Academy administration and the sponsorship of patrons, which together leads to fruitful results. However, here author summarizes information about the process of teaching students and researchers who acquire general and specialized competencies, including: studying the situation and processes in the field of contemporary art; analysis of phenomena and processes, assessment of works of musical art, study of historical patterns and the development of artistic traditions of cultural heritage.

Keywords: music, stage, vocals, variety instruments, vocal performance.

Қазақстан Республикасының көркем мәдениетінде белгілі бір орын алатын эстраданың музыкалық өнерінің ерекше танымалдығы аса маңызды болып табылады, оған бұқаралық ақпарат құралдары мен телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы ықпал етеді. Соңғы онжылдықта зерттеушілердің орындаушылықтың осы түріне, оның бастауына, қалыптасу тарихына, оқытудың теориясы мен әдістемесі мәселелеріне деген қызығушылығының артуы кездейсоқ емес.

Көптеген танымал эстрадалық орындаушылардың қызметі осы ғылыми мақаланың негізгі идеясын растайды және кәсіби тәжірибе дағдыларын алуға, мәдениетаралық диалог шеңберінде шығармашылық қызметті танымал етуге бағытталған осындай диалогтың жарқын дәлелі болып табылады, бұл сондай-ақ конфессияаралық диалогты қамтиды, мәдени құндылықтарды көтермелеу ісіндегі озық тәжірибені насихаттауға ерекше назар аударылады. Бұған көптеген халықаралық іс-шараларға, конкурстарға, фестивальдарға және шоу жобаларға қатысу арқылы қол жеткізілді. Олардың ішінде «Жұлдыздар Фабрикасы» - «Фабрика Звезд», «Дауыс» – «Голос», «Хочу к Меладзе» және т. б. заманауи телевизиялық шоу мен байқаулар бар. Экономиканы жаһандандыру процестері, Қазақстан Республикасының халықаралық білім беру кеңістігіне кіру мәселелері мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру және олардың шығармашылығын насихаттау мәселелерін әзірлеуді талап етеді. Бұл ретте ұлттық дәстүрлерді сақтауға және дамытуға, соның салдарынан мемлекеттің мәдени деңгейін арттыруға ықпал ететін өнер жоғары оқу орындарына маңызды рөл атқарады (*Иллюстрация 1*).

Халықаралық форматтағы осындай коммерциялық емес жобалардың өзектілігі эстрада вокалистерінің ширату жолдарының дербестігін тв-шоуға қатысу арқылы негіздейді. Көптеген танымал мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығы түрлі өркениеттер арасындағы халықаралық мәдени диалог шеңберінде эстрадалық орындаушылардың шығармашылық қызметін танымал ету тәсілдерін көрсетеді. Танымал ресейлік продюсерлермен, музыканттармен, композиторлармен, режиссерлермен және ғалымдармен белсенді ынтымақтастық таңдалған мамандықта кәсіби білім алуға, танымал телевизиялық шоу жобаларға, фестивальдарға, ғылыми симпозиумдарға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге және басқа да іс-шараларға қатысуға жаңа мүмкіндіктер ашты. Осы мақала аясында отандық музыкатануда вокалист-эстрадалықтар үшін олардың шығармашылық қызметіндегі кең мүмкіндіктерді ашуға арналған өзекті және

аз зерттелген тақырып ашылып, осы проблематиканы шешу тәсілдері табылды. Ерекше жолмен республикамызда танымал музыкалық жобалар атап өтілуі мүмкін, олар шығармашылық тұлғаны дамытудың әрі қарайғы жолдарын ашады және кең концерттік алаңға, көбінесе әлемдік аренаға шығады. Бұл зерттеу ұсынылған тақырыптың толық ашылуын талап етпейді, бұл заманауи музыкалық ғылымның осындай ауқымды, қызықты және өзекті тақырыптарын зерделеуге жол ашады. Білікті мамандарды, атап айтқанда, «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар мен магистранттарды даярлау республикада Қазақ Ұлттық Университетінде (Астана) және Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады - «Эстрадалық оркестрдің әртісі», «Эстрада вокалисті» (Иллюстрация 2).

Иллюстрация 1. «Эстрадалық вокал» кафедрасының лауреаттары – «Voice KZ» тобы



Иллюстрация 2. «Эстрадалық вокал» кафедрасының лауреаттары



Әйгілі отандық өнер ошағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Еуразиялық Еуропалық Кеңес пен «Erasmus+» бағдарламасының офисі қаржыландыратын халықаралық жобаның қатысушысы болып табылады. Жоба мақсаты музыка мен өнер саласындағы жоғары білім алуды жаңарту әрі халықарылық деңгейде дәріптеу болып келеді. Жоба мақсаты аясында 2018 жылдың 14-26 қазан аралығында консерватория магистранттары қазақ композиторларының шығармалары орындалған Бакин музыкалық академиясы мен Вано Сараджишвили атындағы Тбилиси мемлекеттік консерваториясының ұйымдастыруымен өткен концерттерге қатысты. 2019 жылдың мамыр айында Бергендегі Норвегия университетінің ұстаздары мен студенттерін өзіміздің қара шаңырағымызда қабылдадық. Біздің студенттер, «Хассак» және «Тұран» ансамбльдері мен норвегиялық музыканттар ұйымдасқан 2019 жылы қызықты концерт өткізілді. Бұл жобаның қатысушылары арасында Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының ұстазы Мақсат Медеубек те бар.

Біздің республикамызда үш музыкалық жоғары оқу орны бар. ҚР халық әртісі, профессор, Халықаралық жүлделердің лауреаты А. К. Мусаходжаева басқаратын Қазақ ұлттық өнер университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (ректор ҚР Еңбек сіңірген қайраткері А.А.Жудебаев) мен Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының (ректор ҚР Еңбек сіңірген қайраткері А.Ж.Абдуали) арасындағы оң бәсекелестік бар. Олар, Қазақстандағы музыкалық білім алудың дамуы мен жетілуіне бағытталған, ортақ қызығушылықтан туған достық ара-қатынастар. Оның үстіне, бұл музыкалық оқу орындары бір-бірімен тығыз байланысты. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы мен Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның түлектері мен профессорлық-ұстаздық құрамы ҚазҰӨУ-нің өзегін құрайды. Бұл өте керемет сайыс: бәсекелестік - қуат жұмылдырғыш күш болып табылғандықтан әрдайым жақсы. Бұндай серіктестіктің тек жақсы қырлары бар - бірлескен концерттік шаралар өткізу, шеберлік сыныптар, ғылыми конференциялар, композиторлық фестивальдер, сайыстар және басқа да шаралар.

Осыған орай, Орталық Азиядағы ең ірі «The Spirit of Tengri» атты Халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалін еске алуға болады. Бұл – әлемнің Ethnoworld жанрындағы орындаушылары бас қосатын, Tengri FM радиостанциясымен ұйымдастырылған мультимәдени жоба. Ол жыл сайын ашық аспан астында, қазақ жерінде өнер көрсетіп жатқан заманауи этникалық музыканың әлемдік жұлдыздарының қатысуымен ғаламат дәрежеде өткізіледі. Тағы бір керемет жоба – «Астана-Арқау» атты, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен жыл сайын өткізілетін түркі дәстүрлі музыка фестивалі. Соңғы тоғыз жыл ішінде фестивальде бүкіл түркі халықтарының дәстүрлерін көрсететін 700-ге жуық музыканттар мен ғалымдар қатысты. Тұрақты қонақтары: Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Алтай, Башқортастан, Гагаузия, Хакасия, Саха, Татарстан, Тыва сияқты түркі ұлттық автономиялардың әншілері, орындаушылары мен зерттеушілері болып табылады. Бұл дістүрлі музыканы дәріптеу бағытындағы жобалардың шағын бөлігі ғана.

Мәдениет бүгінгі күні адамның рухани және эстетикалық дамуының, ұлттық бірлікті қалыптастырудың және елдің әлемдік қауымдастыққа интеграциялануының күшті құралы болып табылады [1-3]. Көптеген өнер сайыстары осыған дәлел. Жуырда, Қазақстанның атын бүкіл әлемге дүркіреткен эстрада әншісі Әділхан Макин. «Славян базары 2019» халықаралық музыкалық өнер сайысында ол Гран-При жүлдесіне ие болды. Бұл мағынада тыңдаушылардың қызығушылығы мен талғамдары өте заңды, олар табиғи іріктеу арқылы халық жадында берік бекітілген жарқын, бояулы және талантты тұлғалар мен олардың шығармашылығын таңдайды. Кезінде ол 2012 жылы «Жас қанат» жас орындаушыларының республикалық байқауының финалисті болды, бір жылдан кейін - «Шабыт» халықаралық байқауының II сыйлық иегері. Ұстазы И.Г.Кайсиди кездесу үстінде шәкірті жайлы көптеген деректер берген [4]. Жылдың басында жарық көрген мақаламызда бұл орындаушы туралы толығырақ мәліметтер орын алды [5].

Иллюстрация 3. «Эстрадалық вокал» кафедрасының лауреаттары



Қазақстандықтардың әр жылдары аталған халықаралық фестивалінде табысты өнер көрсетіп биік марапаттарға ие болғандар жайлы деректерді еске салған жөн. «Жас қанат» - бұл жас эстрада әншілерінің қазақстандық байқауы, ол 1992 жылдан бастап Алматыда, кейінірек 2001 жылдан бастап Астанада өткізіліп келеді. Байқауға жеке орындаушылар мен топтар қатыса алды. Алғаш рет «Жас Қанат» 1992 жылы Алматы қаласында өтті. Байқаудың бастамашысы және продюсері - Мұрат Ерғалиев. 1992 жылы Ерғалиев музыкалық продюсер ретінде танымал болды, ол ұйымдастырған тағы бір байқаудың арқасында - «Азия дауысы» жаңа байқау дүниеге келді. «Жас қанат» - жас эстрада әншілерінің байқауы «Азия Дауысынан» айырмашылығы, тек Қазақстаннан келген қатысушыларға арналды.

2001 жылы «Жас Қанат» Қазақстанның жаңа астанасы Астанаға қоныс аударды. Байқаудың негізін қалаушылар сол кезде Астана қаласының әкімдігі, Хабар агенттігі және Asia Dauysy фестивалінің дирекциясы болды. 2001-2012 жылдар аралығында байқау Конгресс Холлда өтіп, 2013 жылы ол Бейбітшілік және Келісім сарайына көшірілді.

«Жас қанат» қазақ эстрадасына жаңа буын жас әншілерді ашты. Конкурстың лауреаттары мен диплом иегерлерінің қатарында Медеу Арынбаев пен Ерлан Көкеев, Үркер тобы, Бақыт Шадаева, Нұрлан Абдуллин, Руслан Тохтахунов, Яшлық тобы, Майра Даулетбакова, Бахытжан Хаджимуканов, Бауыржан Исаев, «Аян» тобы, Мадина Садвакасова және басқалар.

Қазылар алқасын әр жылдары КСРО-да кеңінен танымал болған қазақстандық музыканттар басқарды: Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Кеңес Дүйсекеев, Төлеген Мұхамеджанов, Нұржамал Үсенбаева. Қазылар алқасының құрамына «Дос-Мұқасан» ВИА музыканттары Мұрат Құсайынов пен «Ялла» ВИА-ның музыканттары Фаррух Закиров, эстрада әншілері Роза Рымбаева, Макпал Жүнісова, Мұрат Насыров, Сара Тыныштыгулова, Нагима Есқалиева және Карина Абдуллина, скрипкашы Айман Мұсаходжаева кірді. Қазіргі уақытта Б.Серкебаев пен Еркеш Шәкеев, Шөмішбай Сариев, ҚР экс Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедұлы және басқалар. Сондай-ақ, қазылар алқасының құрамына байқаудың бұрынғы қатысушылары, соның ішінде Нұрлан Абдуллин, Мадина Садвакасова және Жанар Дұғалова кіреді.

2019 жылы Sputnik Қазақстан ақпарат агенттігінің шолушысы жарыстың танымалдылығының төмендегенін атап өтті. 1997 жылдан бастап байқауға қатысушылар мемориалды аллеяға ағаш отырғызу дәстүрін қолдайды. Бүгінгі күні бес Жас Қанат аллеясы бар: біреуі Алматыда, төртеуі Астанада. 1997-2001 жылдар аралығында Алматы

алаңдарының бірінде ағаштар отырғызылды. Жарыс Астанаға 2001-2003 жылдар аралығында көшіп келгеннен кейін мемориалдық аллея «Алатау» спорт сарайының алдында, 2004-2005 жылдары - «Атамекен» этно-мемориалдық кешенінің алдында, 2005-2013 жылдары - жаңартылған қалалық саябақта, ал 2013 жылдан бастап Бейбітшілік және келісім сарайының алдында.

Осы уақыт аралығында әр түрлі жанрдағы әндер жазылды, бірақ оларды бір нәрсе біріктіреді - мемлекетіміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласына деген шексіз сүйсіну. Осы қатарлардан бірнеше әндерді бөліп көрсеткіміз келеді.

Сүндет Байғожиннің орындауында «Менің қалам» әні. Ән өте әуезді және түрлі-түсті. Нұрсұлтан Назарбаевтың жазған сөздерінің енуі қаланың барлық сұлулығын көрсетеді. Музыка авторы Төлеген Мұхамеджанов. Бұл ән Батырхан Шүкеновтің жетекшілігімен Игорь Крутойдың студиясында жазылған.

Елорда туралы тағы бір ғажайып ән - «Гүлдей бер, Астана!» Авторы - композитор Ринат Гайсин. Ән әсіресе жас ұрпаққа арналып жазылған. Қазақстандық эстрада жұлдыздары бұл шығарманы ЭКСПО-2017 көрмесінде алғаш рет орындады.

«Азия» тобы өз әріптестерінен қалыспай, елорда күніне - «Нұр-Сұлтанға» ән жаздырды, тіпті бейнебаян да ұсынды. Топ мүшелері бірінші болып өзгертілген қалаға арналған әнді орындағысы келді. Астана қаласына арналған бұл аталған өлеңдер сол бағыттың аз ғана бөлшегі.

2019-2020 оқу жылының екінші жартысында «COVID-19» пандемиясына байланысты Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы қашықтан оқыту форматына көшкен болатын. Академиямыз 2020 жылдың сәуір, мамыр айларында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастауымен түрлі жобаларға қатысып, өз өнерін көрермендерге тікелей эфирде көрсетіп, көрермендердің сұрақтарына жауап берді. Оқытушы-профессорлық құрам күн сайын студенттер үшін онлайн-лекция, шеберлік сыныптарын өткізді.

Осындай форматты жалғастыра отырып, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2020 жылғы қазан айынан бастап мектеп оқушыларының адамгершілік және рухани тұрғыда дамуына бағытталған «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасын іске қосады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. Ведомство мәліметінше, бағдарлама ұзақтығы 10-15 минуттан тұратын 1-11 сынып оқушылары үшін бейне-дәрістер түрінде әзірленді. Балалар үйден шықпай-ақ Қазақстанның киелі жерлеріне виртуалды түрде саяхаттай алады. Сондай-ақ опера, балет, драма өнерінің озық үлгілерін көріп, қазақстандық және шетел кинофильмдері мен мультфильмдерін тамашалап, әсем музыкалық шығармаларды тыңдай алады. Оқушыларға музыкалық өнер, театр өнері, киноматография, бейнелеу өнері және Киелі Қазақстан атты 5 бағыт бойынша қазақ және орыс тілдерінде барлық білім беру бейне-дәрістеріне еркін қол жеткізуге мүмкіндік беріледі. Әр бейне-дәрістің соңында оқушылар үш сұраққа жауап бере отырып, өздерін тексере алады. Балалардың ерікті түрде қатысуы осы жобаның қағидатты шарты саналады. Оқу жылының соңында тест сұрақтарына дұрыс жауап беріп, жоғары ұпай жинаған ең белсенді қатысушыларды сыйлықтар мен жағымды тосынсыйлар күтеді. «Осындай деңгейдегі жоба жас және жаңа білімге құмар ұрпақ үшін бағдар береді, еліміздің сенімді азаматтарын тәрбиелеуге көмегін тигізеді және жігерге толы жас жүректерді жаулап алады деген сенімдеміз» - деп атап өтті ұйымдастырушылар [6].

«Ұлағатты ұрпақ» жобасына Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы «Театр өнері», «Көркемсурет», «Музыкалық өнер» бөлімдеріне белсенді қатысты, олармен мәтіндік бөлім мен бейне қатар дайындалды, сайтқа материал жазылды. Олардың арасында республикаға танымал педагог-ғалымдар, халық әртістері, еңбек сіңірген қайраткерлер, жарқын және талантты орындаушылар – Толқын Забирова, Ольга Батурина, Г.Қайырбекова, Н.Какимова, К.Бельжанова, Г.Өмірзақова және басқалар бар. Дәрістердің мазмұны белгілі бір тақырыптың қысқаша, бірақ ауқымды және өте қызықты көрінісін қамтыды.

Осы тақырып аясында бір мақала көлемінде толықтай мағлұматтар беру оңайға түспейтін іс-шара. Болашақта басқа да мақалаларымызда және ғылыми еңбектерімізде эстрадалық орындаушылық жайлы талдаулар жасап, бұл бағытты әрі қарай дамыту жолында қарқынды еңбектеніп, қызықты деректер береміз деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. **Назарбаев Н.А.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12.04.2017.
2. **Назарбаев Н.А.** Из выступления на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: один народ – одна страна – одна судьба», 24.04.2013.
3. **Назарбаев Н.А.** «Ұлы даланың жеті қыры». // Егемен Қазақстан, 21.11.2018.
4. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының ұстазы Д.Салықованың И.Г.Кайсидимен сұхбаты (сәуір, 2019).
5. **Салықова Д.О.** Қазақ музыкасының эстрадалық бағытындағы орындаушылықтың қазіргі болмысы. // [Электронный ресурс] <http://musicnews.kz/%d2%9baza%d2%9b-muzykasyny%d2%a3-estradyly%d2%9b-ba%d2%93tynda%d2%93y-oryndaushyly%d2%9bty%d2%a3-%d2%9bazirgi-bolmysy/>
6. Қазақстанда оқушылар үшін жаңа мәдени-білім беру жобасы әзірленді. // [Электронный ресурс] https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-okushylar-ushin-zhana-madeni-bilim-beru-zhobasy-azirlendi_a3700751

References (transliterated)

1. **Nazarbaev N.A.** «Bolashakqa bagdar: ruhani zhanqyru» // Egemen Kazakhstan. 12.04.2017.
2. **Nazarbaev N.A.** Iz vystupleniya na XX sessii Assamblei naroda Kazahstana «Strategiya «Kazahstan – 2050»: odin narod – odna strana – odna sud'ba», 24.04.2013.
3. **Nazarbaev N.A.** «Ұлы dalanyn zheti qyru». // Egemen Kazakhstan, 21.11.2018.
4. T.Zhyrgenov atyndaqy Kazaq Ұltyq Өner Akademiyasynyn Ұstazy D.Salykovany Ұ.G.Kajsidimen sҗhbaty (sәuir, 2019).
5. **Salykova D.O.** Kazaq muzykasynyn estradalyq baqytyndaqy oryndashylykty җazirgi bolmysy. // [Elektronnyj resurs] <http://musicnews.kz/%d2%9baza%d2%9b-muzykasyny%d2%a3-estradyly%d2%9b-ba%d2%93tynda%d2%93y-oryndaushyly%d2%9bty%d2%a3-%d2%9bazirgi-bolmysy/>
6. Kazakstanda okushylar җshin zhana madeni-bilim beru zhobasy әzirlendi. // [Elektronnyj resurs] https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-okushylar-ushin-zhana-madeni-bilim-beru-zhobasy-azirlendi_a3700751

Сведения об авторах:

Дарига Орашевна Салықова – преподаватель кафедры «Инструменты эстрадного оркестра» Казахской Национальной Академии искусств им.Т.Жүргенова

Автор туралы мәлімет:

Дарига Орашевна Салықова – Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының «Эстрада оркестірінің әртісі» кафедрасының ұстазы

Information about the authors:

Dariga Orashevna Salykova – teacher of the Department "instruments of pop orchestra" of the Kazakh National Academy of arts. T. Zhurgenova